



010000, Астана қ., Жирентасв көшесі, 16
501751 тел.

Бұйрық

04 қыркүйек 2025 жыл

Астана қаласы

Приказ

№ 196

город Астана

2025-2026 оқу жылы мектепте тамақтандыруды ұйымдастыру туралы

«2025-2026 оқу жылында Астана қаласының білім беру мекемелерінің оқушыларын тамақтандыруды ұйымдастыру туралы» Астана қаласы Білім басқармасының 2022 жылғы 10 тамыздағы № 319 бұйрығы негізінде, пайдалы және қауіпсіз тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ оқушылар мен олардың ата-аналарының сұраныстарын талдау негізінде құнарлы тамақтандыруды ұйымдастыру жұмыстарын реттеу мақсатында,
БҰЙЫРАМЫН:

1. Дұрыс тамақтану мәдениетіне дағдыландыру арқылы салауатты өмір салтын насихаттау жүргізілсін.

2. 1-4 сынып оқушыларына тегін ыстық тамақпен тамақтандыру ұйымдастырылсын.

3. 5-11 сыныптардағы аз қамтылған отбасылардан шыққан, ата-ана қарауысыз қалған және жетім балаларды «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығына сәйкес Жалпыға міндетті оқу қорынан ыстық тамақпен тамақтандыру қамтамасыз етілсін.

4. Ас әзірлеу технологиясының айқындығы мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында сарапшылық комиссиясы құрылсын.

5. Жарты жылда бір рет тамақтандыруды ұйымдастыру сапасы мәселесі педагогикалық кенесте талқылансын.

6. Мектеп тамақтануы туралы ақпаратты мектеп сайтының «Мектеп тамақтануы» тарауында жүйелі түрде жариялансын.

7. Мектеп қызметкерлерінің асханадағы кезекшілік кестесі бекітілсін.

8. Осы бұйрықтың орындалуы үшін жауапты болып әлеуметтік педагог А.А.Абуова тағайындалсын.

9. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Т.М.Столяроваға жүктелсін.

Директор



С.Тогатаева